

Келді көктем ауылға

Алтын жұлдыз кеудесінде,
Көсем сөзі зердесінде
Шықты қырға колхозшылар;
Тумен, думен, әнмен, күймен
Әр ауылдан, әрбір үйден
Сертпен бекіп шықты бұлар.

Иелерін келген көріп,
Еміренгендей төсін керіп
Құтты дала кетті толқып
Төңіректі сүйрегендей.
Қүдіретімді көр дегендей
Тракторлар да шықты жортып.

Алтын кірпік, дөңгелек көз
Күлім қағып шықты сол кез,
Қарады еңбек даласына,
Мол егінге болсын ырым
Дегендей-ақ төкті нұрын,
Өрлеп асқар тау басына.

Жалт-жұлт етіп бұйра жоны
Тиген сайын адам қолы
Бара жатты дала түлеп...
Құрып көкте сейіл-серуен
Ақ желегі үлбіреген
Бұлттар өтті жай сіркіреп.

Ақ бас алып асқар таудан
Асау өзен тас аударған
Ақты асыға егін жайға...
"Қыймылданар, жамағаттар!"
Деп қояды дана қарттар,
Шіркін көңіл осындайда!..

Қарты қайсы, жасы қайсы?
Қайратыңмен қанат жайшы,
Берілші адал ұлы еңбекке!
Неткен шабыт, неткен рахат
Сенен артық, сенен қымбат
Барма екен жан жер мен көкте!

Туған жердің топырағы
Қолың тисе құлпырады —
Дейді жастар, агрономдар
Алтын дәндер тердей сіңіп.
Адамына жер сүйсініп
Түсті үгіліп қатал тоңдар.

Қарттары жоқ жастан қалар,
Қуанып жүр басқармалар,
Ойлап өткен, кеткенін де...
Құтты болсын қайырлы еңбек!
Алайық бір сермеп-сермеп
Коммунизм көктемінде!

Қасым АМАНЖОЛОВ.

Социалистік Қазақстан. - 1950. -
7 май (№ 95). - 3 б.